

асырылатын кәсіби қызмет т.б. Кәсібінің мақсаты — жезөкшелікпен айналысушы тұлғаның күнкөріс қаражатының негізгі немесе қосымша көзі болып табылатын ақша түрінде немесе басқадай материалдық құндылық түрінде алдын ала сыйақы алуға келісу.

Әдебиеттер тізімі

1. Хотченков Ю.В. Проституция и преступность. — М.: Юрид. литература, 1991. — С. 64.
2. Введенский Б.А. Большая Советская энциклопедия. — Т. 8. — М.: Гос. науч. изд-во «БСЭ». — С. 791.
3. Елистратов А.И., Броннер В.М. Проституция в России. — М.: Юрид. литература, 1927. — С. 84.
4. Флекснер А. Проституция в Европе. — М.: Юрид. литература, 1926. — С. 94.
5. Икстатова С.Т. Жезөкшелік түсінігі // ПМУ хабаршысы: Гуманит. сер. — 2004. — № 1. — 79-б.

ӘОЖ 342:32(574)

Қ.С.Мусин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАЙТЫН НЕГІЗГІ ШАРТТАР МЕН ФАКТОРЛАР

В статье, наряду с раскрытием понятий и видов безопасности, рассматриваются с правовой точки зрения конституционно-правовые основы основных принципов регулирования военной политики, анализируются различные научные прогнозы, предложения по совершенствованию и развитию законодательства по регулированию военной политики.

In his research, at the same time of opening notion and types of national security, considers from law point of view constitutional-law's bases of cardinal principles of regulation military economic, gives analysis of different sciens forecasts and suggestions on improvement and development of legislation on regulation military policy.

Қазақстан Республикасы — Еуразия құрлығының ортасында орналасқан тәуелсіз мемлекет. Республиканың территориясы Волганың төменгі ағысынан бастап, батыста Алтайға дейін, шығыста 3000 километрге созылған Батыс Сібір жазығынан, солтүстікте Тянь-Шань тауларына бастап, оңтүстікте 1600 км-ге дейін созылып жатыр. Шекараның жалпы ұзындығы 15000 километрді құрайды, оның 12000 — құрлық жер, 3000 — су өлкені құрайды. Батысы мен солтүстігінде Қазақстан Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түркіменстан, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен, шығысында Қытаймен шекараласады. Қазақстанның аумағының жалпы көлемі 2724,9 мың шаршы км құрайды. Қазақстанның аумағы тұтасымен алғанда Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндиямен тең. Көлемі бойынша әлемнің мемлекеттерінің бірінші ондығына кіреді. Еуразия да Ресей, Үндістан және Қытайдан кейін төртінші орынды, ал ТМД елдерінің арасында Ресейден кейін екінші орынды алады.

1999 жылдың халық санағының мәліметтері бойынша, Қазақстанның халқының саны 15 млн. адамға жуық. Біздің елімізде 100-ден аса диаспора тұрады. Өз кезегінде қазақтар да әр түрлі елдерде тұрады (жақын және алыс шет елдер). Олар туралы келесі мәліметтер бар: Өзбекстан мен Қытайда — 1500000-нан, Ресей Федерациясында — 1000000 жуық, ТМД елдерінде (Өзбекстан мен Ресей Федерациясын қоспағанда) — 240000 жуық, Монғолияда — 92000 жуық, Ауғанстанда — 40000 жуық, Түркия мен Иранда — 18000, Канадада — 9000 жуық, Пәкістанда — 7000 жуық, Германия мен Францияда — 5000 жуық, АҚШ пен Сауд Арабиясында — 2000, Австралияда — 900 жуық, Австрияда — 700 жуық, Аргентинада — 500 жуық, Ұлыбританияда — 600 жуық, Швеция мен Йорданияда — 200, Израиль мен Сирияда — 100, Данияда, Швейцарияда, Голландияда, Норвегияда, Мароккода, Египетте, Бельгияда, Тайванда әрбіреуінде 100-ден аз. Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс негізгі шарттары — үлкен территория мен адам ресурстарының шектелгендігі. Мемлекеттің әскери саясатын жүзеге асыруға әсер ететін басты фактор болып Азия

мен Еуропа аралығында Қазақстанның геосаяси орналасуын айтуға болады. Еуро-Азиаттық құрлықтың орталығында орналасқан Қазақстан үшін көпсалалық сыртқы саяси қызметті жүзеге асыру тиімді болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан өз кезегінде халықаралық қарым-қатынастың және әскери қарым-қатынастың дамуына әсер ететін еуропалық, азиаттық аймақтық халықаралық ұйымдар мен қаржылық институттардың да біруақытта мүшесі болып табылуы сыртқы саясаттағы ролін арттыра түседі [1; 67].

Біздің еліміздің ерекше маңызды мүдделерінің бірі ретінде, географиялық факторлармен қатар, мәдени-тарихи қауымдастық ретіндегі халықтың өзін өзі қалыптастырып сақтауын айтамыз. Геосаясаттың тұрғысынан алғанда осы фактор біздің еліміздің басым бөлігі үлкен территориясы мен оның біртұтастылығын сақтауға бағытталған саясаты жүзеге асыру табылатындықтан, ерекше мәнге ие. Қазақстанның ерекшелігі ретінде бұл біздің кең аумағымыз ғана емес, сонымен қатар ішкі континенталдық орналасу ерекшелігінің тиімділігі, табиғи ресурстардың ірі қорларының болуы, тұрғындардың этникалық құрамының әр түрлілігін айтуға болады. Осы айтылғандардың барлығының жиынтығы әлемдегі қоғамдастықтағы біздің орнымызды нақты айқындай отырып, заманға сай өзгеріп отыратын әлемдегі тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының стратегиясын анықтайды.

Халықаралық әскери қарым-қатынастың сипаты мен бағыттарын анықтайтын шарттар мен факторларға төмендегілер табылады, олар:

- ішкі-әскери саясатта, экономиканың мазмұны мен бағыттарын анықтай отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін құру және дамыту;
- сыртқы әскери саясатта, Орталық-Азиялық аймақтың мемлекеттерімен, ТМД және ШЫҰ елдерімен-қатысушыларымен, НАТО блогіне кіретін мемлекеттермен сыртқы саясаттық байланысқа, сонымен қатар аймақтағы әскери-саяси жағдайға және т.б. бағыттау болып табылады.

Әскери қарым-қатынастың себебін анықтайтын факторлардың үш негізгі блогі бар, оның жоғарғы формасы болып әскери-саяси одақ табылады. Мұнда:

- әскери қауіптің өсуге анық тенденциясы бар жалпы сыртқы әскери қауіптердің бар болуы;
- мемлекеттердің әскери күштерінің бірігуіне алып келетін ішкі аймақтық тұрақтылықтың қауіптері;
- сыртқы немесе ішкі әскери қауіптермен және қауіп төндірулермен тікелей байланысты емес, бірақ та кең мағынада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жалпы тәсілдерді анықтайтын әскери-экономикалық факторлар кіреді.

Сол себепті «Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасында» Қазақстан Республикасы сыртқы саясаттағы басымдықты аймақтық бағыттардың бірі елдің және әлемнің ұлттық қауіпсіздігін арнайтындығын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) мемлекеттері-қатысушыларымен көпжақты және екіжақты қарым-қатынастың міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз етуді қарастырады деп көрсетуі оның маңыздылығын айқындайды. Осы ереже Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында да бекітілген. Онда Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Ұжымдық қауіпсіздігі туралы шартқа қатысушы-мемлекеттермен әскери (әскери-саяси және әскери-техникалық) қарым-қатынасын дамытуға басымдыққа ерекше мән беретіні туралы айтылған.

Достастық елдерінің аса маңызды діни мүдделері органикалық түрде байланысқан, біріншіден, оған кіретін мемлекеттердің, халықаралық қарым-қатынастың тәуелсіз субъектілерінің ұлттық мүдделерімен; екіншіден, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастылығын ұжымдық қорғалуы және де әлеуметтік-саяси тұрақтылықпен, сыртқы және ішкі қауіптердің кез келген формаларының қорғалғандығымен сипаталады.

Негізгі сыртқы қауіптер болып келесілер табылады:

- Қазақстан Республикасының немесе оның одақтастарына әскери шабуылдау мақсаты бар күштердің және әскери техникалық құралдардың топтастырылуының күшеюі;
- Қазақстан Республикасына аумақтық талап ету, Қазақстаннан жеке аумақтарды саяси немесе күшпен тартып алу қауіпі;
- жаппай қырып жою қаруларын орналастыруды және де құру бойынша бағдарламаларды мемлекеттермен бірлесе отырып дайындау немесе қоғамдық-саяси құрылымдармен жүзеге асыру;
- шетел мемлекеттерімен қолдауға ие болатын шетелдік мемлекеттер немесе ұйымдар тарапынан Қазақстан Республикасының ішкі істеріне араласу;

- Қазақстанның шекарасының маңында әскери күштерді көрсету, арандату мақсаттарымен әскери жаттығынуларды өткізу;
- Қазақстан Республикасының шекарасының немесе оның одақтастарының шекарасының маңында олардың қауіпсіздігіне қауіп келтіретін қарулы дау-жанжалдардың ошақтарының бар болуы;
- шекараға жақын елдерде мемлекеттік институттардың тұрақсыздығы, әлсіздігі;
- Қазақстан Республикасының шекарасының немесе оның одақтастарының шекарасының маңында және олардың аумағымен іргелес теңіз суларында әскери күштердің қалыптасқан теңдіктің бұзылуына әкелетін әскерлердің топталуын арттыру;
- Қазақстан Республикасының шекарасының немесе оның одақтастарының әскери қауіпсіздігіне зиян келтіретін әскери блоктар мен одақтарды кеңейту;
- радикалдық халықаралық топтардың іс-қызметі, қазақстандық шекаралардың жақын маңында экстремизмнің күшеюі;
- Қазақстан Республикасымен достастық қарым-қатынастағы және іргелес мемлекеттердің аумағында шетел әскерлерінің енуі (Қазақстан Республикасының келісімінсіз немесе БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің санкциясысыз енуі);
- шетел мемлекеттерінің аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының әскери объектілеріне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы немесе оның одақтастарының шекарасындағы объектілерге және құрылыстарға шабуыл жасаумен бірге қарулы арандатулар;
- мемлекеттік және әскери басқарудың қазақстандық жүйесінің жұмысына, зымырандық шабуыл жасау, зымыранға қарсы қорғаныс туралы ескертуге және әскерлердің беріктілігін қамтамасыз етуге кедергі жасайтын әрекеттер;
- шетел мемлекеттерінде Қазақстанның азаматтарының құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзу, кемсіту.

Негізгі ішкі қауіптерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- заңсыз қаруланған құрамаларды құру, жабдықтау, дайындау және қызмет етуі;
- Қазақстанның аумағында қаруларды, оқ дәрілерді, жарылғыш заттарды заңсыз түрде тарату;
- Қазақстан Республикасының аумағында саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін қылмыстылықты ұйымдастырудың кең масштабты іс-қызметі;
- Қазақстандағы сепаратистік және радикалды діни-ұлттық қозғалыстардың іс-әрекеті.

Мұнда ерекше орын әскери сипаттағы қауіптерден қорғануға бағытталады. Мүмкін болатын қауіптерді үш топқа бөлуге болады:

Жаһандық — мемлекеттің аймақтары мен ТМД ғана емес, сонымен қатар барлық әлемге төндіретін қауіп. Оларға мыналар жатқызылады: халықаралық терроризм, ұйымдастырылған қылмыстар, есірткі саудасы, этникалық экспансияның масштабтары мен белсенділігінің өсуі. Олар әлемнің барлық мемлекеттерінің мүдделерін қозғайды және ұжымдық қауіпсіздікті құру мәселелерін алға қояды.

Аймақтық — қарулы қақтығыстардан, аумақтық даулардың шешілмегендігінен болатын қауіптер, әлеуметтік-экономикалық шарттар мен өзге мәселелердің аймақтың мемлекеттерінің арасында мәселелердің төмендеуі. Қарулы қақтығыстардың тәжірибесі олардың жағымсыз салдарларының, тұтас алғанда қоғам мен барлық деңгейдегі қазақстандық билік үшін қосымша ерекше мән беретін мәселе болып қалып отыр, және де мұның Қазақстанға да қатысты болатынын көрсетті. ТМД елдерінің жеке үкіметтерімен қабылданатын кейбір ойланып жасалмаған санкциялардың нәтижесінде экономикалық және адами қатынастар бұзылады, соның салдарынан ең ақырында бірінші кезекте бейбіт тұрғындар зардап шегеді.

Достастық елдерінің ішінде жатқан қауіпсіздіктің *ішкі* қауіптеріне мыналар жатқызылады: деполяция, жұмыссыздық, кедейлік, ғылыми-интеллектуалдық потенциалды төмендету, қоғамдық-саяси тұрақсыздық, деиндустриализация, экологиялық апаттар, қылмыстылықтың өсуі және т.б.

ТМД қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұжымдық күштерді қолданудың, қауіптердің әр түрлі түрлерін жою және оларды жеңу қажеттілігі сыртқы, топтық, коалициялық сипатқа ие болады. Достастықтың мемлекеттерінің көпшілігі әр түрлі әскери қақтығысқа жалғыз қарсы тұруға жағдайлары жоқ. Сондықтан қауіпсіздіктің аймақтық механизмдерін құру өмірлік маңызды қажеттілік болып табылады. Оны жүзеге асыру қарулы қақтығыстарды реттеу, мемлекеттік шекараларды қорғау, барлық салаларда тиімді қарым-қатынасты қайта құрастыру, сонымен қатар

әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қарулы күштердің соғысқа қабілеттілігін қолдау бойынша күштерді біріктіру ТМД елдерінің жалпы мемлекеттік мәселелерді реттеудегі қызметі жеңілдетіледі.

Аталған себептермен қатар ТМД елдерінің ұлттық мүдделерін қорғау бойынша күштерді біріктіру үшін алғы шарттар болып табылатын халықаралық әскери қарым-қатынастың бағыттарын дамытуға әсер ететін көптеген басқа да факторлар бар. Мысалы, қаруландырудың жаңа жүйелерін жасау және оларды өндіру үшін ірі капиталдық салымдар қажет. Кеңестік кездегі құрамда болған бір де бір ел (Ресейден басқа), қазіргі жағдайларға байланысты, барлауды, басқаруды қамтамасыз ету мүмкін болмайтын ғарыштық орбитальдық топтамасын ұстап тұруы мүмкін емес. Сондықтан қалыптасып келе жатқан әскери-саяси қатынастар объективтік шындық болып табылады.

Бірақ та бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру үшін қаруландырудың, қару жарақтардың, әскери оқыту принциптерінің жалпы стандарттары, басқарудың жүйелерінің сәйкес келуі және т.б. қажет. Бұрынғы кеңестік кеңістікте осының барлығы бар деп айтуға болады. Яғни бұл әскери-саяси қатынастардың объективті жағы. Ал оның субъективті жағы да бар, ол саяси, экономикалық құбылулардан, ағымдардан осы процестердің бәсеңдеуі немесе жылдамдауы.

Қазіргі жағдайлардағы кеңестік кеңістіктегі мемлекет әр түрлі салаларда өз қызығушылықтарын анықтады. Біреуін көбінесе әскери қарым-қатынас, біреуін әскери-техникалық қарым-қатынас, біреуін бітімгершілік, біреуін әуе шабуылына қарсы қорғаныс қызықтырады, ал біреуі әскери-саяси интеграцияға әскери қауіп-қатерлердің жалпы сипаты негізінде кіреді.

Ең тиімді әскери-саяси қарым-қатынас ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартқа отырған мемлекеттер арасында қалыптасады. Онда трансформацияның күрделі жолынан өткен Достастық мемлекеттерінің қауіпсіздігін ұжымдық қамтамасыз ету идеясы жүзеге асады.

Қарулы Күштердің және мемлекеттіліктің институттарының қалыптасу барысында халықаралық әскери қарым-қатынастың сипаты мен дамуын анықтаған факторларды үш негізгі кезеңге шартты түрде бөлуге болады.

Бірінші кезең 1991 жылдың желтоқсанына басталып 1992 жылдың мамырына дейін жалғасты. Онда ТМД Құрылтайшылық актілер қабылданды. Осы уақытта әскери саладағы негізгі күштер Кеңестік Қарулы Күштер базасында құрылған бұрынғы КСРО және Біріккен Қарулы Күштер аумағында жалпы қорғаныстық кеңістікті сақтауға бағытталды. Бұл кезеңде қорғаныс министрлерінің Кеңесі (ҚМК) және Біріккен Қарулы Күштер Бас қолбасшылығы (БҚК БҚ) қалыптастырылды [2]. Қатысушы-мемлекеттер өз қарулы күштерінен басқа, жалпы міндеттің барлық объектілері мен әскери құрамалары жалпы міндеттің басқарушы күштеріне тікелей бағынды. Бірақ та бірауақытта барлық тәуелсіз мемлекеттерде ұлттық қарулы күштердің қалыптасуы мен дамуы басталды. Бұл КСРО Қарулы Күштерінің толық бөлінуіне әкелді. Бұл құбылыс мемлекеттік-аумақтық қағида бойынша стихиялық түрде жүрді. Сондай-ақ әскерилердің жабдықталу құрамы мен деңгейі тең емес, әр түрлі топтарды құрды.

Екінші кезең 1992 жылдан басталып 1994 жылдың сәуіріне дейін жалғасты. Бұл кезеңде Ташкентте 1992 жылдың 15 мамырынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (ҰҚШ) қол қойылды. ҰҚШ сәйкес Достастықтың елдерінің әскери қарым-қатынасын басқару органы құрылды. Мұнда Мемлекет басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының Кеңесі, Ұжымдық қауіпсіздік Кеңесі, қорғаныс министрлерінің Кеңесі қалыптастырылды. Шартта және оның даму сатыларында қабылданған құжаттар қатысушы-мемлекеттердің әскери-саяси интеграциялануының негізін салды. Бірақ та тәжірибеде осы кезеңде Достастықтың ұжымдық қауіпсіздігі туралы нақты шаралар жүзеге асырылмады. Әскери мәселелер бойынша мемлекетаралық деңгейде қабылданған сәйкес келетін заңнамалық актілерімен нығайтылмады, оларды жүзеге асыру механизмі жасалмады. Біріккен Қарулы Күштерді құрудың орнына ұлттық армияларды белсенді құру жалғасты. 1993 жылдың қыркүйегінде ТМД Біріккен Қарулы Күштер Бас қолбасшылығы ТМД қатысушы-мемлекеттердің әскери қарым-қатынасын координациялау бойынша Штабқа қайта біріктірілді.

Үшінші кезең 1994 жылдың сәуірінен басталып қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. Оған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың (ҰҚШ), сонымен қатар екіжақты шарттар мен келісімдердің негізінде ТМД қауіпсіздік жүйелерін құру жоспарында біртұтастық тенденциялар қалыптасты. Бұрынғы Кеңес Одағы аумағында орталықтан сыртқа кетуші тенденциялар ТМД әскери қауіпсіздігінің аймақтық жүйелерінің контуры мен конфигурациясын анықтаған базалық құжаттарға қол қоюмен әскери және әскери-техникалық қарым-қатынастың даму қажеттілігін саналы түрде түсінумен алмасты. Бұл «Ұжымдық қауіпсіздік концепциялары» (1995; 2000), «Әуе шабуылына қарсы қорғанудың біріккен жүйесін құру туралы келісім» (1995), «ТМД-дағы әлемді қолдау жөнінде Ұжымдық күштер туралы ереже» (1996), «Ұжымдық қауіпсіздіктің аймақтық жүйелерінің моделі» (2000), «Ұжымдық

қауіпсіздіктің аймақтық жүйелерін қалыптастыру бойынша шаралар мен ҰҚШ шеңберінде әскери-саяси интеграциялауды тереңдету туралы келісім» (2000) және т.б.

ТМД әскери ұйымын дамыту үшін Ереванда 1999 жылдың 20 мамырында өткен ТМД елдерінің қорғаныс министрлерінің Кеңесінің мәжілісі өтті. Онда ҰҚШ қатысушы-мемлекеттердің әскери-техникалық интеграциялануының нақты бағыттары анықталды. Іс жүзінде ҰҚШ елдерінің тобымен Ресей мен Белоруссия қарым-қатынасында орын алған әскери одақты құру бағдарламасы қабылданды.

Ереван мәжілісінің енді бір қорытындысы болып өзінің қауіпсіздігін Батысқа сүйеу болуымен қамтамасыз ететін Грузияның, Өзбекстанның, Украинаның, Әзербайжанның және Молдованың шешімі табылады. Бұл 1999 жылдың сәуірінде Вашингтонда НАТО мерекелік саммитінде жасалынды. Онда жоғарыдағы мемлекеттер «Әлем үшін серіктестік» НАТО бағдарламалары мен еуроатлантикалық серіктестіктің Кеңесі шеңберінде өзара әрекеттесуін интенсивті түрде дамытуға байланысты ұсыныстары туралы хабарлады.

ТМД әскери ұйымын дамыту үшін 2002 жылдың мамырында өткен ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартқа қатысушы-мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздіктің Кеңесінің (ҰҚК) 10-шы мерекелік сессиясы үлкен мәнге ие болды. Онда Арменияның, Белоруссияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің және Тәжікстанның Президенттері қатысты. Осы мемлекеттердің жетекшілері оны толыққанды халықаралық әскери-саяси ұйым ретінде қалыптастырды. Жаңа мәртебе Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың ұйымының (ҰҚШҰ) атауымен кеңейтуімен және қосымша құқықтық базасының және жарғысының қабылдануын қарастырды. Оның шеңберінде басқарудың жаңа органы — Ұжымдық қауіпсіздіктің Кеңесінің Мемлекетаралық әскери штабы құрылды. Жылдам әсер етудің Ұжымдық күштерімен құрылған (ЖӘҰК) ынтымақтастығы, сонымен қатар әскери-техникалық ынтымақтастығы тереңдетілді.

Қазірде әскери серіктестік мемлекеттердің мүдделерімен шартталған, нақты бағыттармен нысандарға ие болады және бірнеше деңгейлерде дамытылады:

- барлық Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде — бітімгершілік, шекараларды қорғау, әуе қорғанысын қорғау саласында;
- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт шеңберінде — аймақтық қауіпсіздікті бекіту саласында; қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықты бағыттары бойынша қатысушы-мемлекеттердің арасында екіжақты шарттар мен келісімдердің негізінде.

ҰҚШҰ шеңберінде ТМД қатысушы-мемлекеттер жүйесінде Қазақстан Республикасының ынтымақтастығының негізгі бағыттары қарулы дау-жанжалдар аймағында әлемді қолдау бойынша бітімгершілік іс-қызметін, әскери-саяси, әскери және әскери-техникалық салалардағы ынтымақтастықты, сонымен қатар кейбір басқа бағыттарды қосатын және қатысушы-мемлекеттердің шынайы экономикалық мүмкіндіктерімен, Достастықтың ішінде де, сыртқы шекараларда әскери-саяси жағдаяттың жағдайларымен шартталған.

Әскери-саяси салада Қазақстанның басты міндеттері ретінде келесілерді бөлуге болады: ұлттық және ұжымдық қауіпсіздікті, әскери құрылысты, штабтарды дайындауды, әскерлер мен кадрларды қамтамасыз етудің мәселелеріне бірыңғай концептуалдық көзқарастарды ары қарай жасау; қорғаныс пен қауіпсіздік саласында қатысушы-мемлекеттердің заңнамалық актілерінің негізгі ережелерін жақындату; екіжақты және көптарпты негізде серіктестіктің халықаралық-құқықтық базасын кеңейту; ұжымдық қауіпсіздіктің мүдделері үшін әуе және су кеңістігінің, әскери инфрақұрылымның элементтерін бірігіп қолдану бойынша мемлекет аралық келісімдерді жүзеге асыру.

Геосаяси жағдай екі өзара байланысқан құрамнан тұратын елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған көпжақты процесс ретінде әскери ынтымақтастықтың дамуына үлкен әсер етеді. Біріншіден, әскери ынтымақтастықта:

- ұлттық армиялардың қалыптасуы мен дамуында тікелей көмек көрсететін жоспарлау мен ұйымдастыруда, ұлттық қарулы күштердің қайта құрылуы мен дамуында, құрылыс мәселелерінде өзара көмекті көрсету және координациялау;
- қарулы күштерді, басқа әскерлерді және әскери қалыптастырулардың жедел және әскери дайындығының біріккен шараларын өткізу;
- әр түрлі жағдайларда біріккен міндеттерді шешуде ҚР Қарулы Күштерінің әскерлерінің әр түрлі түрлері мен тектерін дайындау бағдарламаларын жасау және келісу;
- мемлекеттің қорғанысының мүдделерінде аймақтарда әскери инфрақұрылымның құрылуы және жетілдірілуі, территорияны жедел жабдықтаудың мәселелерінің келісуі;

– материалдық қаражаттардың қорларын ұстау мен құрудың нормаларына бірыңғай тәсілдерді жасау.

Екіншіден, әскери-техникалық ынтымақтастықта барлық бұрынғы кеңестік кеңістікте орын алатын әскери-өнеркәсіптік кешеннің кәсіпорынын кооперациялау табылады.

1995 жылдың 10 ақпанында Армения, Белоруссия, Грузия, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Украина мемлекеттерінің басшыларымен Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың біріккен жүйесін құру туралы келісімге қол қойылды [1; 50]. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бұл әрекет ететін интеграциялық қорғаныс жүйесі болып табылады. Оны құру және кезеңдік дамыту Достастықтың мемлекеттердің әуе және ішкі аралықтарын қорғау жөнінде міндеттерді ең тиімді шешуге, әуе көлігін қолдану тәртібіне біріккен бақылауды жүзеге асыруға көмектеседі.

ТМД қатысушы-мемлекеттердің әуе шабуылына қарсы қорғанысының Біріккен жүйесін құруды жүзеге асыру және дамыту шеңберінде атқарылған нақты шаралардың қатарына мемлекеттерді басқарудың органдарының арасында әуе жағдайы туралы ақпаратты өзара алмасудың жүйесін қайта құрастыру, Келісімге қатысушылардың әуе шабуылына қарсы қорғанысының күштері мен құралдарын біріккен тәртіппен жедел және әскери шұғыл дайындаудың жүйесін оңалту және жетілдіру, сонымен қатар біріккен әскери достасудың жүйесін құру кіреді.

Лаңкестік әрекеттердің болуының ықтималдығы өте жоғары болатын мемлекеттердің геосаяси ортасында әскери серіктестіктің жаңа және табысты жүзеге асырылатын бағыты болып терроризмге қарсы іс-әрекет табылады. Осыған мысал ретінде Қырғызстандағы жағдайды атауға болады. Осы мемлекеттің аумағына құрамында халықаралық террористік ұйымдардың өкілдері бар қарулы құрамалардың заңсыз енуіне талпынысы болды. Бұл аймақта Достастық мемлекеттерінің біріккен терроризмге қарсы әрекеттердің нысандары мен әдістері енгізілді, республиканың территориясына енген заңсыз құрамаларды шығару бойынша әскерлерді шынайы қолданумен «Достастықтың оңтүстік қақпасы — 99» оқу-жаттығулары өткізілді.

Орталық-Азиаттық аймақта «Достастықтың қақпасы — 2000» 25 мың адамға дейін, бронетанкілік және автокөліктік техниканың 300 бірлігіне дейін, 50-ден астам әскери ұшағы, 150-ге жуық артиллериялық қарулары мен минометтар [1; 94], сонымен қатар Армения мен Белоруссияның қорғаныс министрліктерінің жедел топтары қатысты. Осы оқу-жаттығуларда тәжірибеде толық көлемде ТМД ұжымдық қауіпсіздігінің механизмін әрекетке келтіру пысықталды.

Қорғанысы мен әскери техникасы бар ұлттық қарулы күштер мен әскерлердің коалициялық (аймақтық) әскерлердің топтарын қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүзеге асыру қазіргі әскери талаптарға сәйкес келетін әскери-техникалық серіктестікті, қаруландырудың жүйелерін құру мен жетілдірумен, олардың эксплуатациясымен және ұрысқа қолданылуымен байланысты мәселелер жөнінде келісуден тұрады.

Осы бағытта мәселелердің ірі көлемі анықталды:

- өнеркәсіптің қорғаныс салаларының кәсіпорындарын мамандандыру және кооперативтендіру, қарулар мен әскери техниканы (ҚӘТ) жеткізулердің және жөндеудің, өндірудің жоспарлары мен бағдарламаларын координациялау;
- біріккен ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарды өткізу;
- жалпы-өнеркәсіптік маңыздың материалдық-техникалық ресурстарын сатып алуды координациялау;
- әскери маңыздың өнімдерін шығаратын кәсіпорынның конверсиясы саласында өзара келісілген саясатты өткізу;
- қолданылуы мақсатқа бағытталмайтын қарулар мен әскери техникалар бөлігіне эксплуатациялау және утилизациялауда орын алған қаруландырулардың біріккен модернизациясы.

Кеңес Одағының ауыл шаруашылық кешені ыдырағаннан кейін ТМД мемлекеттерінің көбісі қарулар мен әскери техниканың қандай да бір үлгілерінің өндірісін ақырғы өнімге дейін дербес түрде жеткізу үшін жеткілікті әскери-өнеркәсіптік базаға ие болмады. Бірақ та сол уақытта олар жеке құрамдас бұйымдарды (басқарудың агрегаттары, түйіншектері, құралдары, элементтері) дайындау үшін қазіргі өндірістік қуатқа ие болды. Бұл тарихи көршілікпен шартталған табысты әскери-техникалық серіктестігі үшін объективтік шарты болып табылады.

Геосаяси ортадағы мемлекеттердің интеграциясы әр түрлі бола алады. Мысалы, халықаралық корпорацияларды, қаржылық-шаруашылық топтарды, кооперациялардың басқа түрлерін құру. Қарулар мен әскери техниканың біріккен жасалымдары мен өндірісі нәтижесінде олардың сериялылығы ұлғаяды, үлестік шығындары төмендетіледі, Достастықтың елдерінің ішкі нарықтарына

қолжетімділік жеңілдетіледі. Қазіргі уақытта ТМД қатысушы-мемлекеттер әскери-техникалық ытымақтастық бағдарламаларын жасау жалғасуда. Ол осы процеске тәжірибелік бағыттылықты, динамика мен жүйелікті беруге арналған. Бірақ та экономиканың мүмкіндіктері мен қаржылық қиындықтар толық көлемде осы саладағы қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға көмектеспейді. Осыған байланысты ең әлсіз болып табылатын осы бағытқа тиімді пайыздық бағамдары бар отандық капиталды тарту қажет [3]. Соңғы жылдары неғұрлым табысты әскери-техникалық интеграция Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында орын алуда.

Ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі болып жақын елдердің территориясында қарулы дау-жанжалдарды реттеу мақсатында ұжымдық бітімгершілік іс-қызметті дамыту табылады. Дау-жанжалдарды бітімгершілік жолмен реттеу аймақтық қауіпсіздікпен тұрақтылықты қамтамасыз етудің шарттарының бірі болып табылады. Тиімді келісімдерді іздеу мақсатында бітімгершілік іс-қызмет дау-жанжалдық жағдаяттардың алдын алу мен реттеуге көмектесуге бағытталған шаралардың кешенінен тұруы керек [4].

Қазіргі уақытта ТМД бітімгершілік іс-қызмет негізінен әлемді қолдау бойынша жүзеге асырылады. Ең басты дау-жанжалдық жағдаяттардың алдын алу мен реттеуге көмектесуге бағытталған ертеде қабылданған шаралар жағымды нәтиже әкелген жоқ. Әлемді қолдау бойынша операцияны өткізу тәжірибесі тұрақты негізде Достастықтың қатысушыларының қарулы күштерінің құрамында бітімгершілік қызметтерді орындау үшін арнайы дайындалған қалыптастырулардың құрудың мақсатқа сәйкестілігін көрсетті. Қазақстанда осы мақсатта қазіргі қарулармен, техника және жабдықтармен жабдықталған Қазбат құрылды.

Әлемді қолдау бойынша операцияны өткізу үшін механизмге қатысты мәселелерде мәнді қиындықтарды құжаттардың жетілдірілмегендігі тудырады. Шешім мемлекеттердің басшыларының Кеңесімен қабылданады, бірақ та шынайы күштер парламенттердің қаулылары бойынша шығуы мүмкін. Бұл кейде кешіктірулерге әкеледі, ал кейбір жағдайларда билік әлемді қолдау бойынша операцияларға қатысу үшін әскери контингенттерді бөлуге вето салады. ТМД маңызды мәселелерінің бірі болып бітімгершілік операцияларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен қаржыландырудың тегістелген механизмінің болмауын айтамыз. ТМД «ыстық нүктелерінде» жанжалдасқан тараптардың қарсы тұру өткірлігі төмендегеніне қарамастан, жағдай Достастықтың елдерінің аумағында бар жанжалдарды ақырына дейін реттеу мен мүмкін жанжалдардың алдын алу үшін ұжымдық бітімгершілік іс-қызметтің ары қарайғы дамуын талап етеді. Құрылған бітімгершілік құрылымдар мен бөлімдер Ұжымдық қарулы күштердің штабына бағынуына тура келеді. Олар үшін экстремалды жағдайларда қатысушы-мемлекеттер уақытылы және заңды түрде іс-қызметін нығайту табылады.

ТМД елдерінің ынтымақтастығы болып әскери кадрларды дайындау саласында, оның ішінде ҚР Қарулы Күштері үшін әскери кадрларды дайындау табылады. Қазірде осы жұмыс Қазақстанның Қарулы Күштерінің офицерлерін дайындауға бағытталған әскери академиялар (университеттер) мен институттардың желілерінің кеңейтілуін, сонымен қатар әскери мамандықтардың келісілген тізімі бойынша ұлттық әскери жоғары оқу орындары үшін бірыңғай оқу бағдарламаларын жасауды қамтамасыз ететін бағыттар бойынша жұмыстар жүруде. ТМД Қарулы Күштерінің Штабы ТМД мемлекеттерінің Қарулы Күштерінің әскери-оқу орындарында оқуды өтетін адьюнктер, тыңдаушылар мен курсанттарды қаржылық және материалдық қамтамасыз етудің мәселелерін шешуде, әскер және кадрлардың дайындығы бойынша нормативтік-құқықтық базаны құруға қатысады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы он жеті жылдан астам өмір сүруде. Оның мемлекеттері әскери-саяси салада нақты жетістіктерге жетті. Әскери саясат пен әскери құрылыс саласындағы қатысушы-мемлекеттердің іс-қызметімен байланысты принциптік мәселелерді қарастыруға және шешуге өкілетті ТМД жоғарғы органдары құрылды және жұмыс істейді. Мемлекеттердің әскери ынтымақтастығы координациясы жүктелген мемлекетаралық кеңес берушілік және жұмыс органдары, Достастық жұмыстың қажетті тәжірибесін игерді. Негізінен нормативтік-құқықтық база қалыптастырылды, әскери саладағы ынтымақтастықтың жалпы бағыттары мен нысандары анықталды, оның ары қарайғы нығайтылуы мен жан-жақты дамытылу тенденциясы қалыптасты. Ұжымдық әскери қауіпсіздікпен, сыртқы шекаралардың күзетілуі, дау-жанжалдарды ескертуі және реттеуі, бітімгершілік іс-қызметті жүзеге асырумен байланысты маңызды мәселелер шешілді. ТМД мемлекеттерінің көпшілігінде мемлекеттердің егеменділігіне зақым келтірмейтін әскери саладағы интеграцияның әскери шығындардың ауыртпалығын төмендететіндігі, саяси және экономикалық

тиімді процестерге жағымды әсер ететіндігі, Достастықтың дамуы мен нығайтылуына әсер ететіндігі туралы түсінік күшейе түсті.

Бірақ та осы жылдары бірқатар позициялар бойынша ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәселелерінде қатысушы-мемлекеттердің 1991 жылдың желтоқсанында қол қойылған құжаттарда, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартта бекітілген келісімдерді орындамағанын атап өткен жөн.

Қазіргі халықаралық жағдайлардың есебімен әскери саладағы Достастық мемлекеттерінің ынтымақтастығы ары қарайғы жан-жақты дамуы әр түрлі сипаттағы мүмкін қауіптер мен қауіп төндірулерге шұғыл қарсы тұруға, ТМД ішінде жағдаяттардың тұрақтануына әсер етеді.

Егеменді Қазақстанның алдында тұрған осы және басқа көптеген мәселелермен мемлекеттің Жоғарғы қолбасшысы айналысады. Қазақстан мемлекетінің мемлекеттік қызмет саласындағы әкімшілік реформалары мен қалыптасуының кезеңдері өтуде. Бұл өз кезегінде әскери саясатқа да өзінің жақсы әсерін тигізеді сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Национальная безопасность Республики Казахстан. — Астана: Елорда, 2000. — 157 с.
2. Казахстан – 2030: Методическое пособие по разъяснению основных положений Стратегии развития Казахстана до 2030 года. — Алматы: Білім, 2000. — С. 104.
3. Золотарев В.А. и др. Принципыальные основы теории и политики предотвращения войн. — М.: МО РФ, ИВМ, 1993. — С. 38.
4. Кемелханов А.Ж. Военное право: Учеб. пособие. — Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2004. — С. 242.

УДК 341.215.4: 347.731.12

Д.Н.Алигазы

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ФОНДОВОЙ БИРЖИ

Мақалада қор биржасының пайда болу, қалыптасу және даму тарихы жөніндегі негізгі сұрақтар қарастырылады. Қор биржасының мемлекет ішіндегі және әлемдік экономикалық қоғам өміріндегі ролін жеделдендіру нәтижелері жасалады. Осыған байланысты алдыңғы қатарлы әлемдік қор биржасының қызметтерінен мысалдар келтіре отырып, қазақстандық қор биржасының қалыптасуын көрсетеді.

In given article are considered main questions to histories of the origin, shaping and developments of the stock market. Here conducted analysis to actualizations dug the stock market in internal state, world economic life society. Herewith used examples to activity of the leading stock markets of the world, and formation of the Kazakhstan stock market.

Фондовую биржу часто называют олицетворением капиталистической экономики, что вполне справедливо. Действительно, биржи возникают там, где существуют развитые рыночные отношения, и процветают в тех случаях, когда происходят стихийные переливы больших масс капитала. В определенном смысле фондовая биржа — это вершина пирамиды, венчающая сложную структуру, именуемую рынком ценных бумаг.

История возникновения, формирования и развития фондовой биржи насчитывает многие века, что говорит об усилении и постоянной актуализации ее роли во внутригосударственной, мировой экономической жизни общества. В своей истории биржи знали периоды расцвета и относительного забвения, прошли долгий путь — от локальных оптовых рынков реального товара до международных рынков финансовых операций, обеспечивающих функционирование рыночной экономики [1; 5]. При этом в каждой стране, где возникали фондовые биржи, практика приносила в биржевые операции новые элементы, новые правила. Такой опыт достоин изучения уже сам по себе, но это далеко не все, что может быть подвергнуто тщательному изучению.